

**"Бақылау-касса машиналарын қолданудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 16 ақпандағы № 208 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2025 жылғы 14 наурыздағы № 123 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 17 наурызда № 35822 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 24 қазандағы № 626 бұйрығымен.

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 24.10.2025 № 626 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Бақылау-касса машиналарын қолданудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 16 ақпанындағы № 208 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16508 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналарынан тауарларды өткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде жүзеге асырылатын ақшалай есеп айырысулар туралы мәліметтерді қабылдау, сақтау, сондай-ақ оларды мемлекеттік кірістер органдарына фискалдық деректер операторымен беру қағидаларында:

1 және 2 тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналарынан тауарларды өткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде жүзеге асырылатын ақшалай есеп айырысулар туралы мәліметтерді қабылдау, сақтау, сондай-ақ оларды мемлекеттік кірістер органдарына фискалдық деректер операторымен беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) " Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 171-бабына сәйкес әзірленген.

2. Мемлекеттік кірістер органдары салықтық әкімшілендіру мақсатында тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізуді жүзеге асыру кезінде ақшалай есеп айырысулар туралы деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналарының мәліметтерін пайдаланады. Бұл ретте фискалдық деректер операторы мынадай міндеттерді:

1) салық төлеушілерден ақшалай есеп айырысулар туралы мәліметтерді қабылдауды;

2) ақшалай есеп айырысулар туралы алынған мәліметтерді өзінің электрондық тасығыштарында сақтауды;

3) жалпыға ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желілері бойынша жедел режимде күн сайын оны алған сәттен бастап 1 (бір) сағаттан кешіктірмей мемлекеттік кірістер органдарына ақшалай есеп айырысулар туралы мәліметтерді беруді жүзеге асырады.";

6-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) фискалдық деректер операторының қызметтерін пайдаланушылармен интерактивті өзара іс-қимыл жасау үшін фискалдық деректер операторының порталын құруды және техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз етуді, сондай-ақ олар үшін, оның ішінде:

Ұлттық тауарлар каталогына сәйкес бақылау-касса машиналарының тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер каталогын қолдануды;

бақылау-касса машиналарының орналасқан жерінің геолокациясын айқындау және оларды мемлекеттік кірістер органдарына беруді;

бақылау-касса машиналарынан ақшалай есеп айырысу туралы мәліметтерді қабылдау және оларды мемлекеттік кірістер органдарына беру бойынша күнделікті мониторинг жүргізу бойынша қосымша сервистерді әзірлеуді және фискалдық деректер оператордың порталына орналастыруды;"

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналары туралы мәліметтерді мемлекеттік кірістер органдарына фискалдық деректер операторымен беру қағидаларында:

көрсетілген Қағидаларға 2 және 3-қосымшалары осы бұйрықтың 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін орналастырылуын ;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.



облыс/ аудан	қала (ауыл)	көше (шағын аудан)	үй нөмірі	пәтер (бөлме, өзге үй-жайлар) нөмірі	
11	12	13	14	15	16

Ескертпе: аббревиатураларды ашып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ДБФ бар БКМ – деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машинасы.

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
міндетін атқарушы  
2025 жылғы 14 наурыздағы  
№ 123 Бұйрығына  
2-қосымша

Деректерді тіркеу және (немесе)  
беру функциясы бар бақылау-  
касса машиналары туралы  
мәліметтерді мемлекеттік  
кірістер органдарына фискалдық  
деректер операторымен беру  
қағидаларына  
3-қосымша

### Деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машинасын есептен шығару

р/с№	ЖСН/БСН	Тегі	Аты	Әкесінің аты (ол болған жағдайда )	Ж е к е кәсіпкердің, заңды тұлғаның, филиалдың, өкілдіктің атауы
1	2	3	4	5	6

#### Кестенің жалғасы

Өтініш беру себебі:	ДБФ бар БКМ			Алынған фискалдық есеп туралы мәліметтер:	Мәліметтерді беру күні
1) Қолма-қол ақша арқылы с а у д а операциялары , жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету кезінде жүзеге асырылатын ақшалай есеп					

<p>айырысуларға байланысты қызметті жүзеге асыруды тоқтату;</p> <p>2) БКМ техникалық ақаулығына байланысты одан әрі қолданудың мүмкін еместігі;</p> <p>3) БКМ мемлекеттік тізілімнен алып тастау;</p> <p>4) БКМ техникалық жарамды моделін БКМ жаңа моделіне ауыстыру;</p> <p>5) БКМ ұрлау, жоғалту;</p> <p>6) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына қайшы келмейтін өзге де жағдайлар</p>	атауы	зауыттық нөмірі	шығарылған жылы	_____ бастап _____ дейінгі кезең	Б К М есептеушінің қорытынды көрсеткіштері	
7	8	9	10	11	12	13

Ескертпе: аббревиатураларды ашып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ДБФ бар БКМ – деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машинасы.